

БЕКІТЕМІН

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор,

і.ғ.д., профессор

Е.Бурибаев

2025 ж..



ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІНЕ (FOUNDATION) КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Дайындық бөлімшесіне (Foundation) оқуға қабылдау және конкурстық іріктеуді өткізу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығына «Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Тәртіп Жетісу университетінің (ЖУ) дайындық бөліміне (Foundation) тыңдаушыларды қабылдауды жалпы білім беру және тілдік дайындық деңгейін арттыру мақсатында келесі санаттар бойынша реттейді:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- шетел азаматтары;
- Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ, бірақ казак ұлтына жататын тұлғалар;
- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар.

1.3 Дайындық бөліміне (Foundation) оқуға қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде;
- жеке тұлғалардың қаражаты есебінен ЖУ-дың ақылы білім беру қызметтері арқылы.

1.4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес, егер білім алушы алғаш рет оқуға түссе, конкурстық іріктеу негізінде оған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін оқу ұсынылады.

1.5 Ақылы оқуға қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылады. Дайындық бөлімшесі тыңдаушылары үшін оқу ақысының мөлшері мен тәртібі нормативтік құқықтық актілерге және білім беру қызметін көрсету туралы шартқа сәйкес белгіленеді.

1.6 Конкурстық іріктеуді өткізу нысаны – үміткермен бейнебайланыс құралдарын пайдалана отырып офлайн/онлайн әңгімелесу.

2. Құжаттарды қабылдау

2.1 Конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қабылдау Қағидаларда белгіленген мерзімде, күнтізбелік жылдың 5 тамызынан 5 қыркүйегіне дейін жүргізіледі.

2.2 Конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды қабылдау қағаз және электрондық нұсқада ЖУ-дың Халықаралық ынтымақтастық орталығы арқылы жүзеге

асырылады.

2.3 Қазақстан Республикасы азаматтары әңгімелесуге қатысу үшін Қағидалардың 7-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады (Қосымша 1).

2.4 Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар әңгімелесуге қатысу үшін Қағидалардың 8-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады (Қосымша 2).

2.5 Қабылдау үміткерлердің өтініштері негізінде Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады (Қосымша 3).

2.6 Ұсынылған құжаттар ЖУ-дың Халықаралық ынтымақтастық орталығы тарапынан Қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкестігіне 3 (үш) жұмыс күні ішінде тексеріледі.

Сәйкестік болған жағдайда, ЖУ-дың Халықаралық ынтымақтастық орталығы құжаттарды тіркеу туралы хабарламаны құжаттарды тапсыру кезінде көрсетілген электрондық поштаға жолдайды.

Сәйкессіздік болған жағдайда, үміткерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Үміткерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурста қатысу үшін қайта тіркеуден өту мүмкіндігі беріледі.

3. Әңгімелесуді өткізу

3.1 Әңгімелесуді өткізу үшін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі (бұдан әрі – ЖЖООКБООБ) үміткерлер санаттары бойынша комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия). Оның құрамы ЖУ-дың профессор-оқытушылар құрамынан жасақталады және ЖУ Баскарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін ЖЖООКБООБ қызметкерлерінің арасынан тағайындалатын Комиссия хатшысын қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие емес.

3.2 Ағымдағы күнтізбелік жылдың 6–9 қыркүйегі аралығында ЖУ-дың Халықаралық ынтымақтастық орталығы әңгімелесуге қатысушыларының тізімін жасақтайды (Қосымша 4), оларды үміткерлер санаттары бойынша бөледі және құжаттарды Комиссия хатшысына тапсырады.

3.3 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы әңгімелесуді өткізу кестесін (күні, уақыты) құрады (Қосымша 5) және оны ЖУ қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

3.4 Әңгімелесу Қағидалардың 12-тармағына сәйкес белгіленген мерзімде, күнтізбелік жылдың 10–15 қыркүйек аралығында бейнебайланыс платформасын пайдалана отырып оффлайн/онлайн форматта өткізіледі.

3.5 Әңгімелесу басталғанға дейін Комиссия мүшелері үміткерлер санына сәйкес мына құжаттарды алады:

- пәндер бойынша әңгімелесу сұрақтары;
- белгіленген нысанға сәйкес әңгімелесу хаттамасының бланкілері (Қосымша 6).

3.6 Әңгімелесу басталғанға дейін үміткер тұрақты интернет байланысын қамтамасыз етеді және әңгімелесуден өту үшін тыныш орынды дайындайды.

3.7 Үміткер жеке басын куәландыратын құжатын және құжаттарды тіркеу туралы хабарламаны ұсынған жағдайда әңгімелесуге жіберіледі. Комиссия мүшелері үміткердің жеке басын бейнежазбадағы бейнесі мен жеке куәлік көшірмесі арқылы сәйкестендіреді.

3.8 Әңгімелесу басталғанға дейін үміткерлерге әңгімелесуді өткізу тәртібі түсіндіріледі, әңгімелесудің басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны көрсетіледі. Әңгімелесу ұзақтығына дайындық іс-шараларына (амандасу және нұсқаулық беру) кеткен уақыт кірмейді.

3.9 Әңгімелесу кезінде Комиссия мүшелері үміткерлердің келесі ережелерді

сақтауын камтамасыз етуге міндетті:

- әңгімелесу барысында үміткер камера көріну аймағынан шықпауы, алаңдамауы, микрофонды өшірмеуі немесе дыбыс деңгейін төмендетпеуі тиіс;
- үміткер сұрақтарға тек өзі жауап беруі тиіс;
- үй-жайда үшінші тұлғалардың болуы тыйым салынады;
- байланыс құралдарын, фото, аудио және бейнеаппаратураны, анықтамалық материалдарды, жазбаларды және өзге ақпарат сақтау мен тарату құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

3.10 Үміткер келесі жағдайларда әңгімелесуге жіберілмейді немесе әңгімелесуден шеттетіледі:

- үміткер жеке басын куәландыратын құжаттағы (фотодағы) деректерге сәйкес келмесе;
- осы Тәртіпте көзделген талаптарды бұзса.

3.11 Әңгімелесу барысында интернет байланысы 10 минуттан артық үзіліп қалса немесе сигнал әлсіресе, Комиссия әңгімелесуді жалғастыру немесе басқа уақытқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды және бұл туралы үміткерлерге хабарлайды.

3.12 Интернет байланысының сапасыздығына байланысты аудио және бейне жауап болмаған жағдайда Комиссия хатшысы «Әңгімелесуді мерзімінен бұрын аяқтау туралы акт» жасайды (Қосымша 7). Мұндай қатысушыға күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей әңгімелесуден қайта өту мүмкіндігі беріледі.

3.13 Егер әңгімелесу нәтижесі «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланса, қайта әңгімелесуге (қайта тапсыруға, апелляцияға) жол берілмейді.

3.14 Егер балл көрсеткіштері тең болған жағдайда, үміткердің білім туралы құжатындағы жоғары орташа балл ескеріледі. Егер аттестатқа (немесе өзге білім туралы құжатқа) қосымшада әріптік немесе сандық бағалар көрсетілмеген, ал пәндер «өтті», «курс игерілді» немесе ұқсас формулировкалармен берілген болса, орташа балл Комиссия тарапынан шартты түрде 3,0 (5 балдық шкала бойынша) деп белгіленеді.

3.15 Қорытынды шешім коллегиялды түрде Комиссияның келісілген пікірі негізінде қабылданады. Комиссияның әңгімелесуді бағалауы және қорытындысын шығару күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.

3.16 Әңгімелесу нәтижелері белгіленген нысанға сәйкес Комиссия хаттамасымен ресімделіп, Комиссия төрағасы және барлық қатысушы мүшелері қол қояды (Қосымша 8). Конкурстық іріктеу аяқталған күні Комиссия төрағасы ЖУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына Комиссия отырысының хаттамасын ұсынады.

3.17 Конкурстық іріктеу аяқталған күні ЖУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы конкурстық іріктеу нәтижелерін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолдайды.

3.18 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша әңгімелесу нәтижесінде ең жоғары балл жинаған тұлғалар оқуға қабылданады, мұнда ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

3.19 Тыңдаушыларды ақылы негізде қабылдау білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін және университетке төлем түскен соң әңгімелесу нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі, мұнда ең төменгі балл 50-ден кем болмауы тиіс.

3.20 Конкурстық іріктеу нәтижелері (дайындық бөліміне (Foundation) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тыңдаушыларды қабылдау туралы шешім) Қағидалардың 15-тармағына сәйкес күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейін үміткерлерге жеткізіледі.

3.21 ЖУ қабылдау комиссиясы Комиссия хаттамасы және дайындық бөліміне (Foundation) тыңдаушы ретінде оқуға өтініштер негізінде күнтізбелік жылдың 25-28 қыркүйек аралығында тыңдаушыларды қабылдау жүзеге асырады.

3.22 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тану рәсімінен өтеді. Бұл рәсім Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы құжаттарды

тану қағидаларына» (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 тіркелген) сәйкес, тұлғаларды қабылдаудан кейін жүзеге асырылады.

4. Бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін анықтау

4.1 Әңгімелесу сұрақтары мектеп пәндері бойынша жалпы дайындық деңгейін анықтауға арналған сұрақтарды қамтиды.

4.2 Әңгімелесу сұрақтары пән оқытушылары тарапынан әзірленіп, ЖҰ Академиялық мәселелер жөніндегі проректор - Баскарма мүшесімен бекітіледі.

4.3 Қазақстан Республикасы азаматтарына, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының тұлғаларына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға арналған әңгімелесу сұрақтары үміткердің (таңдалған білім беру бағдарламалары тобы аясында) бейіндік пәндер бойынша білімін тексеруді көздейді.

4.5 Шетел азаматтарына арналған әңгімелесу сұрақтары олардың жоспарланған дайындық тілі бойынша білім деңгейін және ойларын жеткізу қабілетін анықтауға бағытталады.

4.6 Әңгімелесу сұхбат түрінде өткізіліп, әрбір қатысушыға 20 минуттан артық уақыт берілмейді.

4.7 Комиссия Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуге арналған бейіндік пәндер комбинациясына сәйкес үміткердің пәндер бойынша білім деңгейін бағалайды.

4.8 Әңгімелесу барысында үміткер әр пән бойынша тақырыпты толық түсініп, жан-жақты ашып көрсетуі тиіс.

4.9 Комиссия мүшелері жауап берушіге мазмұндық, түсіндірмелік (жетекші), проблемалық сипаттағы сұрақтар қоюға құқылы.

4.10 Әңгімелесу барысында үміткерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- болашақ мамандықты таңдауға байланысты сұрақтар;

- өмірбаяндық сипаттағы сұрақтар;

- үміткердің қызығушылықтары, дүниетанымы мен әртүрлі іс-әрекет түрлеріне бейімділігін анықтайтын сұрақтар.

Бұл сұрақтар бағаланбайды. Үміткердің жауаптары оның білімін, дүниетанымын, логикалық тұрғыда жауап құрастыру қабілетін, монологтық сөйлеу дағдыларын және өзге де коммуникативтік қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

4.11 Әңгімелесу барысында Комиссия мүшелері үміткердің жауаптарының жағымды жақтарын атап көрсетіп, анықталған кемшіліктерін белгілейді.

5. Бағалау критерийлері

5.1 Үміткердің білімін бағалау екі бейіндік пән бойынша 100 балдық шкалада жүзеге асырылады.

5.2 Қазақстан Республикасы азаматтары мен Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтының тұлғалары үшін әрбір пән бойынша ең жоғарғы балл – 50 балл, онда:

«50–45» – оқу материалының толық көлемін терең әрі толық білу және түсіну, толық әрі дұрыс жауап құрастыру қабілеті; жауапты нақты мысалдармен, деректермен өз бетінше толықтыру; дербес түрде негізделген талдау жүргізу, қорытынды жасау және жинақтау.

«44–35» – оқу материалын білу, жауапты белгілі бір логикалық дәйектілікпен баяндау; ұғымдарды анықтауда шамалы қателіктер мен кемшіліктер, терминдерді қолдануда немесе қорытындыда дәлсіздіктер болуы мүмкін; бірақ үміткер оларды өз бетінше немесе Комиссия мүшесінің сұрағы бойынша түзете алды.

«34–25» – сұрақ мазмұны туралы жалпы түсінігі бар, бірақ барлық сұрақтар толық ашылмаған; жауаптар дәйексіз, фрагменттік, толық емес сипатта; ұғымдарды анықтауда дәлсіздіктер жіберілген.

«24-1» – жауапта сұрақтан айтарлықтай ауытқулар бар; қойылған сұрақтар шеңберінде оқу материалының негізгі және елеулі бөлігін білмеу немесе түсінбеу байқалады; жауапта қателіктер жіберілген және оларды үміткер жетекші сұрақтардың көмегімен де түзете алмайды.

5.3 Қорытынды баға екі пән бойынша әңгімелесу нәтижелерін қосу арқылы анықталады (1-пән – макс. 50 балл + 2-пән – макс. 50 балл).

5.4 Шетел азаматтарының жауабына қойылатын ең жоғары баға – 100 балл, онда:

«100–90» – дұрыс және сауатты әңгімелесу қабілеті, дұрыс айтылу, сөйлемдерді дұрыс интонациялау, ойды сауатты жеткізе білу (кемінде 20 сөйлем көлемде).

«89–75» – әңгімелесуді дұрыс және жалпы сауатты жүргізу қабілеті. Көлемі 12–15 сөйлем болатын жауапта 3–4 фонетикалық немесе 2–3 грамматикалық, семантикалық және стилистикалық қате жіберілуі мүмкін, оларды үміткер өзі түзетпеген немесе әңгімелесу-баяу қарқынмен жүргізілген.

«74–50» – кейбір дыбыстарды дұрыс айту дағдыларының болмауы немесе фонетикалық қателіктердің (5–6) болуы, сөйлемдерді дұрыс интонациялай алмау. Әңгімелесу баяу қарқынмен жүргізілуі мүмкін, лексика-грамматикалық қателіктерге (6-ға дейін), ұзақ кідірістерге жол беріледі, жағдай мазмұнында 4 қателікке дейін болуы мүмкін.

«50–1» – жекелеген дыбыстарды айтудың, сөйлемдерді интонациялаудың негізінен немесе толық дұрыс болмауы, сөйлесу және диалогтық, монологтық сөйлеу дағдыларының жоқтығы.

5.5 Жауаптың болмауы немесе жауап беруден бас тарту, үміткердің әңгімелесуге келмеуі жағдайында әңгімелесу күнін ауыстыруға жол берілмейді және «0» балл қойылады.

6. Білім беру процесін жүзеге асыру тәртібі

6.1 Білім беру процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде күндізгі оқу түрінде жүзеге асырылады.

6.2 Оқу жылының ұзақтығы 9 (тоғыз) айды құрайды және 1 қазанда басталады.

6.3 Дайындық курстарының тыңдаушыларының тұрғын үйге қажеттілігі болған жағдайда, оларды жатақхана орындарымен қамтамасыз ету білім беру ұйымының ішкі нормативтік актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендия беріледі.

6.5 Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін және ҰБТ нәтижелері негізінде тыңдаушылар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсу үшін мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу құқығын иеленеді.

6.6 Оқу жылы ішінде қазақ ұлтының шетел азаматтары мынадай міндетті оқу пәндерін меңгереді:

- оқу сауаттылығы;
- екі бейіндік пән.

Қосымша пәндер:

- Қазақстан тарихы;
- орыс тілі;
- кәсіби қазақ тілі.

6.7 Қазақстан Республикасы азаматтары оқу жылы ішінде мынадай пәндерді меңгереді:

- оқу сауаттылығы;
- Қазақстан тарихы;
- математикалық сауаттылық;
- ағылшын тілі;
- екі бейіндік пән.

Бейіндік пәндерді таңдау кестесі

1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
Математика	Физика
Математика	Информатика
Математика	География
Биология	Химия
Биология	География
Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
География	Шетел тілі
Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
Дүниежүзі тарихы	География
Қазақ/орыс тілі	Қазақ/орыс әдебиеті
Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан

Академиялық мәселелер жөніндегі
департаменттің директоры



Г. Кыдырбаева

Қосымша 1
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» ҚЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
таңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

**Әңгімелесуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының азаматтары тізімдегі
ұжаттарды ұсынады**

- 1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;
- 3) жалпы орта (жалпы орта), кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;
- 4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама.

Қосымша 2
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

**Әңгімелесуге қатысу үшін Қазақстан Республикасының азаматы болып
табылмайтын ұлты қазақ адамдар және шетел азаматтары
тізімдегі құжаттарды ұсынады:**

- 1) электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы еркін нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасының электрондық көшірмесі немесе қағаз түрінде;
- 3) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мөрдің аудармасын қоса алғанда, нотариалды куәландырылған сканерленген аудармасы (егер құжат толығымен шетел тілінде болған жағдайда);
- 4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама.
- 5) қазақ ұлтына жататынын растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін).



Қосымша 3

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ дайындық бөліміне (Foundation) тыңдаушыларды конкурстық іріктеу және оқуға қабылдауды өткізу Тәртібіне

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
Қабылдау комиссиясының төрағасы, з.ғ.д., профессор Е. Бурибаевқа
Председателю приемной комиссии НАО «Жетісуский университет им. И. Жансугурова» д.ю.н., профессору Е. Бурибаеву

отзывающего / А.С. / Ф.И.О. студента

сдающего / А.С. / Ф.И.О. кандидата приемной комиссии

интервью интервью интервью

Ө Т І Н І Ш / З А Я В Л Е Н И Е

Сізден, дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын гранттар конкурсына қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын / Прошу Вас допустить меня к участию в конкурсе грантов на обучение слушателей подготовительных отделений:

Гражданство _____ Национальность _____

Пол _____ Число, месяц, год рождения _____

№ документа, подтверждающего личность _____

Дата выдачи документа, срок действия _____

Планируемая образовательная программа (специальность) _____

Школа/колледж/вуз, которое окончил(а), год окончания _____

ЖСН
ИНН _____

Аттестат	Үздік	Иә	☐	Жоқ	☐
Диплом	с отличием	Да	☐	Нет	☐

ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ (ТІРКЕУ БОЙЫНША) / МЕСТО ЖИТЕЛЬСТВА (ПО ПРОПИСКЕ)

Облысы _____ Облыс ауданы _____

Область _____ Район области _____

Монокала / Ауыл, кенті _____ Ш.а./Көшесі _____

Моногород / Село, поселок _____ М-он/Улица _____

Үй _____ пәтер _____

Дом _____ кв-ра _____ Срок визы Республики Казахстан (при наличии) _____

Ознакомлен с Порядком проведения конкурсного отбора и приема на обучение подготовительного отделения ☐

Подтверждаю, что мною не подано (не будет подано) заявление об участии в конкурсном отборе в подготовительные отделения других вузов Республики Казахстан ☐

Подтверждаю, что ранее не обучался на подготовительном отделении высших учебных заведений Республики Казахстан по государственному образовательному гранту ☐

Даю согласие на обработку и использование персональных данных моих/моего ребенка ☐

С Порядком проведения конкурсного отбора для обучения подготовительного отделения ознакомлен (а) ☐

Обязуюсь после получения рекомендации к зачислению представить оригиналы необходимых для зачисления документов, перечень которых установлен Порядком ☐

Күні / Дата « _____ » _____ 2025 ж./г.

Тыңдаушының қолы _____

Роспись слушателя _____

Занды өкілінің қолы _____

Роспись законного представителя _____

Қосымша 4
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

Әңгімелесуге қатысушылар туралы мәлімет

№	Аты-жөні (толық)	Жынысы	Туған күні, айы, жылы	Азаматтығы	Паспорттың номері, беру, жарамдылық мерзімі	1 бейіндік пән	2 бейіндік пән	E- mail	Телефон
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Категория. Қазақстан Республикасының азаматы									
Категория. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлтты тұлға									
Категория. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ тұлға									
Категория. Шетел азаматы									

Халықаралық ынтымақтастық
орталығының директоры

Аты-жөні

Қосымша 5
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

БЕКІТЕМІН
«І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор,
з.ғ.д., профессор,
Қабылдау комиссиясының
төрағасы
_____ Е.Бурибаев
« _____ » _____ 2025 ж.

Дайындық бөлімге оқуға қабылдау үшін әңгімелесу
КЕСТЕСІ/РАСПИСАНИЕ
собеседования для поступления на обучение в подготовительное отделение

№	Санаттары / Категории	Күнi/ Дата	Уақыты/Время	Ғимарат/ Корпус дәрісхана/аудитория	Zoom конференциясы/ Конференция Zoom
1					
2					
3					
4					

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы/
Ответственный секретарь приемной комиссии

ФИО

Қосымша 6

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)

тыңдаушыларды

конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

ӨНГІМЕЛЕСУ ХАТТАМАСЫ / ПРОТОКОЛ СОБЕСЕДОВАНИЯ

«__» _____ 20__ ж./г

г. Талдықорған

ҚАТЫСУШЫЛАР:/ ПРИСУТСТВОВАЛИ:

Комиссия төрағасы:/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері:/ Члены комиссии: _____

I. Үміткердің аты-жөні / Фамилия и имя поступающего

II. Бейіндік пәндер бойынша білім деңгейін анықтауға арналған сұрақтар және оларды бағалау:/ Вопросы для определения уровня знаний по профильным предметам и их оценивание:

1 пән/ предмет _____

2 пән/ предмет _____

Орта білімі жайлы аттестаттың орташа балы (қажет болған жағдайда):/ Средний балл документа об образовании (при необходимости) _____

III. Жалпы балы/ Общий балл _____

ШЕШІМ / РЕШЕНИЕ: Рекомендован / не рекомендован к зачислению

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

Қосымша 7
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушылары
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

**ӘНГІМЕЛЕСУДІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ АКТ /
АКТ О ДОСРОЧНОМ ЗАВЕРШЕНИИ СОБЕСЕДОВАНИЯ**

« ____ » _____ 20 ____ ж./г

г. Талдықорған

**Әңгімелесуге қатысушы туралы ақпарат/
Сведения об участнике собеседования**

Тегі/ фамилия _____

Аты/ имя _____

Әкесінің аты (болған жағдайда)/ отчество (если имеется) _____

Жеке басты куәландыратын құжат (паспорт)/

Документ, удостоверяющий личность (паспорт) _____
номері/номер сериясы/ серия

Азаматтығы/ Гражданство _____

Әңгімелесуді келесі себептерге байланысты ерте аяқтады/

Досрочно завершил собеседование по следующим причинам:

Әңгімелесудің аяқтау уақыты/

Время завершения собеседования _____ сағ./час. _____ мин.

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

Қосымша 8
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

**2025-2026 оқу жылына қабылданатындарды
іріктеу жөніндегі комиссия отырысының**

№__ХАТТАМАСЫ

ПРОТОКОЛ №__

**заседания комиссии по отбору поступающих
на 2025-2026 учебный год**

«__»_____20__ж./

г. Талдықорған

Комиссия төрағасы:/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері:/ Члены комиссии: _____

Күн тәртібі / Повестка дня:

1. Рассмотрение результатов собеседования и заявлений

(категория поступающих)

претендующих на обучение подготовительного отделения по государственному
образовательному заказу / на платной основе за счет собственных средств.

ТЫҢДАДЫ / СЛУШАЛИ: Комиссией были изучены и обсуждены:

- результаты индивидуальных собеседований;
- документы, представленные поступающими.

ШЕШТІ / РЕШИЛИ:

1. Рекомендовать к зачислению следующих поступающих.

№ 1	Аты-жөні/ ФИО	Азаматтығы/ Гражданство	Бейіндік пәндер бойынша балдар/ Баллы по профильным предметам		Жалпы балы/ Общий балл	Комиссия шешімі/ Решение комиссии
			1 бейіндік пән/ 1 профильный предме	2 бейіндік пән/ 2 профильный предмет		
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						

2. Лиц, не достигших минимального проходного балла, к зачислению **не рекомендовать.**

Комиссия төрағасы/ Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері/ Члены комиссии: _____

Хатшы/ Секретарь: _____

Қосымша 9
«І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ дайындық
бөліміне (Foundation)
тыңдаушыларды
конкурстық іріктеу және оқуға
қабылдауды өткізу Тәртібіне

Дайындық бөліміне оқуға түсу үшін қажетті құжаттар тізімі

1. Ректор атына жазылған өтініш;
2. жеке басын куәландыратын құжаттың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы;
3. білімі туралы құжат және оның қосымшасы (түпнұсқа) және мөрдін аудармасын қоса нотариалды куәландырылған аудармасы (егер құжат толығымен шетел тілінде болса);
4. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;
5. медициналық сақтандыру полисі (көшірмесі);
6. қазақ ұлтына жататынын растайтын құжаттар (Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін);
7. бірінші және екінші топтағы сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар тыңдаушылар дайындық бөлімінде оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды;
8. Фото 3x4 см өлшемде – 4 дана;
9. Қағаз тігіндегіш – 1 шт;
10. Қағаз конверт 15x21 см өлшемде – 1 дана;
11. Файл – 10 дана.



«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор, з.ғ.д., профессор Е. Бурибаева
Председатель Правления – Ректору НАО «Жетісәуіскіі университет
им. І. Жансүгірова» д.ю.н., профессору Бурибаеву Е.

оқуға
түсушінің
СУРЕТІ

ФОТО
поступающего

(оқуға түсушінің Т.А.Ә. - Ф.П.О. көрсетуімен)

ӨТІНІШ / ЗАЯВЛЕНИЕ

Сізден, мені

«Foundation» пәндік даярлау бағдарламасы бойынша оқуға қабылдауыңызды өтінемін.

Оқу түрі:

Форма обучения:

Күндізгі толық

Очное полное

☐

Оқу тілі:

Язык обучения:

Қазақша

Казахский

Орысша

Русский

Көптілді

Полиязычный

☐
☐
☐

Оқу негізі:

Основа обучения:

ҚР МББГ

ГОГ РК

Ақылы несізінде

Платная основа

☐
☐

ӨЗІМ ЖАЙЛЫ КЕЛЕСІ МӘЛІМЕТТЕР / О СЕБЕ СООБЩАЮ СЛЕДУЮЩИЕ СВЕДЕНИЯ

ЖСН

Туған күні

Жынысы:

Ер

Әйел

ИНН

, Дата рождения

Пол:

Мужской

Женский

Ұлты

Азаматтығы

Жеке куәлік №

Национальность

, Гражданство

, № ул. лич.

Туған жері

Берген мекеме

Берілген кезі

Место рождения

, Орган выдачи

, Дата выдачи

Қолданылу мерзімі

Отбасы жағдайы:

үйленген/тұрмыста

үйленбеген/тұрмыс құрмаған

Срок действия

Семейное положение:

женат/замужем

не женат/не замужем

Мектепте оқыған шетел тілі

Жатақхана:

кажет

кажет емес

Изученный иностранный язык в школе

В общежитии:

нужаюсь

не нуждаюсь

Қандас

Иә

Жоқ

Иә

Жоқ

Алтын

Иә

Жоқ

Иә

Жоқ

Аттестат

Үздік

Иә

Жоқ

Иә

Жоқ

Иә

Жоқ

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ (ТІРКЕУ БОЙЫНША) / МЕСТО ЖИТЕЛЬСТВА (ПО ПРОПИСКЕ)

Облысы

Облыс ауданы

Область

Район области

Қала/Ауыл, кенті

Ш.а./Көшесі

Город/Село, поселок

М-он/Улица

Үй пәтер

Дом, кв-ра

, E-mail

, Телефон

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ТҰРАТЫН ЖЕРІ / МЕСТО ПРОЖИВАНИЯ В Г. ТАЛДЫҚОРҒАН

Ш.а./Көшесі

Үй

Пәтер

М-он/Улица

, Дом

, Кв-ра

ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ / СОЦИАЛЬНЫЙ СТАТУС

Жетім

Сирота

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала

Ребенок, оставшийся без попечения родителей

Толық емес отбасы (жартылай жетім)

Не полная семья (полусирота)

Мүгедек:

1 топ

2 топ

3 топ

Инвалид:

1 группа

2 группа

3 группа

Диагноз:

Көп балалы отбасы

Многодетная семья

Аз қамтылған отбасы

Малообеспеченная семья

Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылардың және спорттық жарыстардың жеңімпазы, жүлдегері
Победитель, призер международных и республиканских олимпиад и конкурсов научных проектов (научных соревнований), исполнителей и спортивных соревнований по общеобразовательным предметам (2022-2025 гг.)

Международные		Республиканские	
Халықаралық олимпиада/	☐	Президенттік олимпиада/	☐
Международная олимпиада		Президентская олимпиада	
Ғылыми жарыстардың(жобалардың) халықаралық конкурсы/	☐	Орындаушылардың республикалық конкурсы/	☐
Международный конкурс научных соревнований(проектов)		Республиканский конкурс исполнителей	
Орындаушылардың халықаралық конкурсы/	☐	Республикалық олимпиада/	☐
Международный конкурс исполнителей		Республиканская олимпиада	
Халықаралық спорттық жарыстар/	☐	Республикалық спорттық жарыстар	☐
Международные спортивные соревнования		Республиканские спортивные соревнования	

Пәні бойынша _____ Дипломмен марапатталды _____ дәрежелі _____ Күні _____
По предмету _____ Награжден(а) дипломом _____ степени _____ Дата _____

АТА-АНАМ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ О РОДИТЕЛЯХ

Әкем
Отца
Жұмыс орны, лауазымы _____
Место работы, должность _____
Тұратын мекен-жайы _____
Адрес проживания _____
Байланыс телефондары _____
Контактные телефоны _____

Шешем
Мать
Жұмыс орны, лауазымы _____
Место работы, должность _____
Тұратын мекен-жайы _____
Адрес проживания _____
Байланыс телефондары _____
Контактные телефоны _____

Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың жетілгендігі білім деңгейін меңгерген, қанықтырып білім беру технологиялары бойынша оқуға уәзіп жүгізілген, ақпараттық және бағдарламалық қабілеттері оқу тапалттарымен таныстырған.

Владетелю достаточным уровнем знаний использования информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе, ознакомлен(а) с требованиями к системному, аппаратному и программному обеспечению для обучения по дистанционным образовательным технологиям.

Төдемақы мерзімімен таныстым/Со сроком внесения оплаты ознакомлен(а).
ЖОО қабылдау ережесімен таныстым/С правилами приема в ВУЗ ознакомлен(а).

Күні/Дата « _____ » _____ 20 _____ ж./г. Қолы/Роспись _____

Құжаттарды қабылдаған техникалық хатшы / Технический секретарь, принявший документы _____

Деректер базасына енгізілді (күні)/Внесено в базу данных (дата) « _____ » _____ 20 _____ ж./г. Қолы/Роспись _____